



Рисунок – Хроматограмма обесфеноленной фракции до 270⁰С

Таким образом, освобожденная от фенолов смола может быть использована как углеводородный материал для дальнейшей переработки в моторное или котельное топливо [6]. Фенол используются в промышленности для получения фенолформальдегидных смол, которые применяются в производстве фенопластов. Большие количества фенола перерабатывают в циклогексанол, необходимый для производства синтетического волокна. Смесь крезолов используют для получения крезолформальдегидных смол. Чистые крезолы применяют для синтеза красителей, медицинских препаратов, антисептических веществ, антиоксидантов [7].

Литература

1. Крапчин И.П., Потапенко Е.Ю. Перспективы производства синтетического жидкого топлива из углей // Химия твердого топлива. -2004. - №5. - С.55-65.
2. Кричко А.А. Жидкие, газообразные и твердые синтетические топлива из углей // Сб. трудов ИГИ. - 1983. - С.5.
3. Чистяков А.Н. Химия и технология переработки каменноугольных смол. - Челябинск: Metallurgy, 1990. - 102 с.
4. Kaneko T., Tazawa K., Okuyama N. Effect of highly dispersed iron catalysts on direct liquidfaction coal // Fuel. – 2000. – Vol. 79. – P. 263-271.
5. Егоров О.И., Чигаркина О.А. Обоснование путей формирования и эффективного функционирования региональных нефтехимических кластеров в Республике Казахстан. – Алматы: ИЭ КН МОН РК, 2013. – 40 с.
6. Малолетнев А.С., Гюльмалиев М.А. Получение товарных фенолов при гидрогенизации углей Канско-Ачинского бассейна // Химия твердого топлива. - 2007. - № 3. - С.21-29.

Таттымбетова К.Т., м.э.н., аға оқытушы (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Газизова М.Р., м.э.н., аға оқытушы (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Жумашева А.Б., м.э.н., оқытушы (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН ЖЕТІЛДІРУ ТЕТІКТЕРІ

Ел басы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауында жаңа индустриялар қалыптастырудың маңызды шарты инновацияны қолдау және оларды өндіріске тезірек енгізу болып саналады.

Инновациялық стратегия – бұл барлық дамыған мемлекеттердің дағдарыстан шығудың ең дұрыс жолы, сол арқылы жылдам индустрияландырудың міндеттерін шешеді. Экономикалық дағдарыстан шығудың материалдық негізі инновациялық технология негізінде өндірісті жаппай жаңарту болып табылады.

Экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей жаһанды экономикалық бәсекелестік шарттарында экономиканың тұрақты өсуі өндіріске жаңа технологияларды және әзірлемелерді жоғары деңгейде енгізумен байланысты. Әртүрлі бағалар бойынша бүгін дамыған елдердің өнімділігі 70-тен 100%-ға дейін өсімі инновацияларды пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі.

Инновациялық даму модельдерінің үлгісінде Еуроатланттық, Шығыс азиаттық және баламалық деп бөледі. Әлемде жалпы әдісте инновациялық өсудің төрт стратегиясы белгіленді:

1. барлық бағыттар бойынша жаппай көшбасшылық, АҚШ соған ұмтылады;
2. бастырмалап даму, технологияларды тарту, Жапония, Оңтүстік Корея қолданған, қазіргі уақытта Қытай қолданады;
3. алдыңғы қатардағы технологияларды пайдалану шартымен табиғи ресурстарға қолжетімділікке айырбас ретінде шетелдік компаниялар шақырылғанда инновацияларды оқшаулау;
4. тұтыну нарығы мақсаттары үшін қорғау кешенді технологияларды пайдалану стратегиясы.

Республикада инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асады:

- мемлекеттік инновациялық саясатты жүзеге асыру үшін инвестицияларды тартуды қамтамасыз ететін экономикалық шарттарды жасау арқылы инновациялық қызметті ынталандыру;
- инновациялық дамудың басымдылықтарын анықтау;
- инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту;
- инновацияларды жасауда және енгізуде мемлекеттің қатысуы;
- сыртқы нарықтарға инновацияларды жылжыту.

Мемлекеттік инновациялық саясатты жүзеге асыру мақсатында 2010-2014жж. және 2015-2019жж. Қазақстанның қарқынды индустриалды - инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама қабылданған, бұл бағдарлама 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының даму жоспарының бөлігі болып табылады. Бағдарлама әртараптандыру және бәсекеге қабілеттілігін көтеру арқылы экономиканың тұрақты және тепе - тең өсуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстанның негізгі инновациялық даму мәселелері келесілер:

- технологиялық жаңалықтарды енгізу және оларды нарыққа шығару заманауи механизмдердің жоқтығы;
- көптеген ғылыми әзірлемелердің, технологиялардың және өнімдердің бітпегендігі;
- ішкі нарықта алдыңғы қатардағы технологияларға және өнеркәсіптік жаңалықтарға төлем қабілеті бар сұраныстың жоқтығы.

Ғылым және ғылыми - техникалық іс-әрекет қызмет көрсету саласына жатады және бұл қызметтер нарықта сұранысқа ие болу керек. Көптеген кәсіпорындар ғылым нәтижесінің қызметтерін сатып алуға мүмкіндігі жоқ. Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін жоғарылатуға кедергі болатын негізгі факторлар:

- тапсырыс берушілердің төлем қабілеті жеткіліксіз;
- жаңалықтарды енгізудің жоғары құны;
- меншік қаржы қаражаттарының жеткіліксіздігі;
- ұйымдарға ғылым және технологиялық әзірлемелер саласында толық еркіндік берді.

Қазақстан Республикасының инновациялық мәселелерге қызығуы ХХІ ғ. әлеуметтік-экономикалық дамуында ең бірінші ғылыми техникалық дамумен байланысты болып

отыр. Елдің негізгі экономикалық дамуына, яғни өндіріс пен ғылыми-техникалық ресурстарды жоспарлау үшін инновациялық қызмет ең қажеттісі.

Жоғары бәсекеге қабілетті алдыңғы қатарлы елдер санатына қосылуы үшін, тұрақты экономикалық өсуді және экологиялық тиімді өндірісті қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының 2015-2019 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиясын» қабылдады және ол алғашқы жылдан бастап оң нәтижелер бере бастады. Сондай-ақ, «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» секілді ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларда, еліміз үшін өзекті мәселелердің бірі индустриалды-инновациялық стратегияның негізгі бағыттары атап көрсетілді.

Стратегияның негізгі мақсаты - бәсекелестікке шыдайтын, импорт алмастырушы және экспортқа бағытталған тауар шығаратын өнеркәсіптер құрып, қызмет көрсету саласын дамыту, сондай-ақ инновациялық белсенділікті арттыру болып табылады.

Елдегі инновациялық даму мемлекеттің араласуынсыз оң нәтиже бермейді, сондықтан инновация мен инвестиция мемлекеттік реттеудің объектісі болып табылады. Көптеген дамушы елдер табиғи ресурстарға бай бола тұра, тұрақты дамуға қол жеткізе алмады. Қысқа мерзімде шикізат экспорты бұл елдердің мемлекеттік қазынасына табыс әкеліп, тұрғындардың әл-ауқатын көтереді. Алайда, уақыт өте келе жоғары табыс экономиканы құлдыратады, яғни мемлекетті шикізат экспортынан және оның әлемдік рыногтағы жағдайынан тәуелді етіп, шикізатты аз қажет ететін жаңа саланың дамуын ынталандырмайды және шикізаттың күндердің күнінде таусылатынын еске алсақ, бұл мәселенің қаншалықты маңызды екенің түсінеміз. Дәл осы жағдайда шығудың бір-ақ жолы бар, ол-жоғары технологиялық өндіріс.

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау үшін ең бірінші құқықтық нысандары елімізде жоғарыдағы стратегия бойынша орындалуда. Ал мемлекеттік қаржылық қолдау және инновациялық құрылымдарды құру үшін оған көп мөлшерде қаржы керек. Осы мәселе қазір елімізде күрделі мәселенің бірі болып отыр, сондықтан қаржыландыру, сырттан инвестиция тартуға негізделген Инвестициялық, Инновациялық қорлар, даму банкі, экспорттық несиелер мен инвестицияны сақтандыру корпорациясы сияқты даму институттары құрылды.

Жапонияда инновацияларға II дүниежүзілік соғыстан кейін көп көңіл бөліне бастады. Елде шағын және орта кәсіпорындар бүкіл экономиканың негізін құрайды. Ал мемлекет инновациялық саясатты солар арқылы жүргізеді. Шағын кәсіпорындар барлық кәсіпорындардың 99%-ын құраса, олардың ЖҰӨ-дегі үлесі 52 %-ды құрайды. Мемлекет саясатының шағын және орта бизнестегі кәсіпкерлікті қолдауының мәні қажетті капитал салымы мен жұмыссыздық туралы деректерді сәйкестендіру болып табылады.

Шет елдер тәжірибесінен инновацияны дамытудағы мемлекеттің рөлінің өте маңызды екеніне көз жеткіздік.

Қазақстан Республикасындағы экономикалық жағдай бір қатар жағымсыз факторлармен сипатталады: институционалдық анықсыздық, жоғары тәуекелдердің болуы, инновациялық-инвестициялық үдерістерді тиімсіз мемлекеттік басқару; инновацияларды ендіру және өндірістің, сонымен қатар инновациялық технологиялардың төмен деңгейі; елдегі венчурлық бизнестің жеткіліксіз дамуы; заңдық, нормативтік-құқықтық саладағы анықсыздық; инновациялық кәсіпкерліктің төмен белсенділігі; зерттеулер мен әзірлемелерді мемлекетпен қаржыландырудың жеткіліксіздігі және инновациялық үдерістерді қаржыландыруды әртараптандырудың нақты еместігі.

Инновациялық даму басқа қызмет түрлеріне қарағанда көбірек дәрежеде, тәуекелмен қатар жүреді. Инновациялық тәуекелдердің жағымсыз көрінуінің нәтижесінде, 10 инновациялық әзірлемелердің тек 3-уі ғана «нөлге шығуға» мүмкіндік береді. Қалған 2 инновациядан алынған пайда 40%-да кем емес көлемде барлық 10 әзірлемеге бөлінеді

Инновациялық жүйенің қалыптасу мәселелерін зерттеу қажеттілігі, жалпы «инновациялық қызмет ерекшелігін - нәтижелердің анықсыздығы және кейінгі қалдырылуы, зерттеушілерге, новаторлар, инвесторлар және тұтынушыларға қол жетімді

акпараттың асимметриялығы; жоғары тәуекел; кадрлар біліктілігі және менеджмент сапасына ерекше талаптар» өзектілігін арттырады, бұл себеп-салдарлық байланыстың басымдылығын, инновациялық қызметке түбегейлі әсер ететін - «анықсыздық» және соған сәйкес - «жоғары тәуекел» зерттеудің маңыздылығымен шарттастырылады.

Инновациялық тәуекел, инновациялық саладағы инновациялық идеяны жасаудан бастап оны нарыққа шығаруға дейін, анықсыздықпен байланысты тәуекелді сипаттайды. Бұл жағдайда инновациялық қызмет объектілерін жасау, меңгеру және тарату барысында жағымсыз салдардың орын алуы мүмкін.

Инновациялық жобаны ендіруден жоғары пайда алу мүмкіндігін инновациялық қызметтің жоғары тәуекелі жоқ.

Инновациялық тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру түрлі инновациялық жобалар және әлеуетті пайдасы болатындығын есепке алуымыз керек. Сондықтан, инновациялық үдерісдің негізгі міндеттерінің - инвесторлар және инновациялық үдерістің басқа да субъектілері. Сондықтан, инновациялық үдерісдің негізгі міндеттерінің - инвесторлар және инновациялық үдерістің басқа да субъектілерінің мүдделерін өзара байланыстыруымыз керек. Бұл мақсаттар үшін нарықтық ойыншылардың арнайы үлесі болады - зерттеушілер мен өнертапқыштарға көмектесетін компаниялар.

Заманауи инновациялық тәуекелдерді жағдайлардың орын алуын болдырмауға, олардың жағымсыз салдарын төмендетіп және жағымды салдарын күшейтуге әсер етуге бағытталған, инновациялық жоба тәуекелдерді басқарудың белгілі бір механизмін жасауды талап етеді. Инновациялық тәуекелдерді басқару жүйесі өзіне тәуекелдерді басқаруды жоспарлау, бірегейлендіру, талдау, инновациялық тәуекелдер бойынша жоспар әзірлеу, тәуекелдерге әсер ету және бақылау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру үдерістерін біріктіреді.

Инновациялық тәуекелдерді жою - бұл іс жүзінде креативті менеджмент үдерісі болып табылады, себебі жаңа енгізілімдер мен тәуекелдерді жүзеге асыру болжап болмайтын және еңбекті көр қажет ететін сипатта болады және бұл жағдайда стандартты шешімдерді көбіне тиімді бола бермейді. Кәсіпорындағы тәуекелдерді басқару жүйесін құру кезінде анықсыздықты жою тәуекел-менеджменттің басты міндеті болып табылмайтынын анық түсіну қажет.

Негізгі міндет кәсіпорында анықсыздық жағдайында тиімді қызмет ете алатын механизм құру болып табылады, яғни тәуекел саласында бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып икемді жалтару жүйесін құру болып табылады. Ал анықсыздықты жою, нақтырақ айтсақ төмендету, тәуекелдерді басқару жүйесінің бір қызметі ғана болып табылады. Анықсыздықты төмендету, қосымша ақпарат алу арқылы, сондай-ақ бар ақпараттар негізінде болып жатқан жағдайларға адекватты сипаттама беру арқылы қол жеткізуге болады.

Инновациялық тәуекелдерді төмендету құралдары инновациялық тәуекел дәрежесін төмендетудің негізгі әдістеріне келесілерді жатқызуға болады:

- 1) тәуекелдерді бөлу әдісі;
- 2) диверсификация әдісі,
- 3) шектеу әдісі,
- 4) хеджирлеу әдісі;
- 5) қор қалыптастыру әдісі;
- 6) сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру әдісі;
- 7) тәуекелдерді беру (трансфер).

Тәуекелдерді бөлу әдісінің мәні тәуекелге деген максималды жауапкершілікті барлығынан да жақсы бақылай алатын қатысушыға беру. Сенімділік теория жүйеде паралельді бөлімдер санының көбеюімен бас тарту ықтималдығы соған байланысты пропорционалды түрде төмендейтінін көрсетеді. Сондықтан тәуекелдерді инновациялық қызмет қатысушылары арасында бөлу нәтижеге жету сенімділігін арттырады.

Диверсификация әдісі бір-біріне тікелей қатысы жоқ әртүрлі бағыттағы инновациялық жобалар бойынша зерттеулер мен капитал салымдарын бөліп тарату болып табылады. Түрлі балама салалық және аймақтық бағыттары бар инновациялық жобаларды қосуды ұсынады, бұл бағдарлама бойынша жалпы инновациялық тәуекелді төмендетуге мүмкіндік береді. Алайда бұл тәуекелді толықтай жою алмайды, себебі бұл әдіспен әсер ете алмайтын бірқатар сыртқы факторлар бар. Бұл факторға жалпы ел экономикасында болып жатқан үдерістерді, әскери жағдайлар, азаматтық толқулар, инфляция және дефляция, коммерциялық банктердегі депозиттер мен несиелердің пайыздық қойылымдарының өзгеруі және т.б. жатқызуға болады. Егер күтпеген жағдайлар әсерінен жобалардың бірі шығынға ұшыраса, басқа жобаға сәтті болып, пайда алып келуі мүмкін.

Шектеу әдісі шығындар, сату, несие сомаларын шектеуді сипаттайды. Бұл әдіс банкпен шаруашылық субъектілеріне ссуда беру, ал кәсіпорындарға - тауарларды несиеге сату және түрлі жобаларға капитал салымдарының соммасын анықтау кезінде тәуекел дәрежесін төмендету үшін қолданылады. Тәуекелдерді шоғырландыру жағы шектеу механизмі әдетте мүмкін болатын деңгей шегінен шығып кеткен түрлеріне, яғни өте қиын және апатты тәуекел аймағында жүзеге асырылатын қаржылық операциялар бойынша қолданылады. Мұндай шектеу кәсіпорындарда қаржылық қызметтің түрлі аспектілерін жүзеге асыру саясатын әзірлеу үдерісінде сәйкес ішкі қаржылық нормативтерді бекіту жолымен жүзеге асырылады және жоғары қаржылық шығындарды талап етпейді.

Хеджирлеу әдісі - жедел келісім - шарттар жасасу көмегімен баға конъюктурасындағы жағымсыз өзгеруі тәуекелдерін төмендетудің тиімді әдісі (фьючерстер мен опциондар). Бұл әдіс сатушы үшін міндеттіде, ал сатып алушы үшін міндетті емес. Хеджирлеу тар қолданбалы мағынасында түрлі тәуекелдерді сақтандыру әдістерін белгілеу кезеңінде қолданылады.

Қор қалыптастыру әдісі - жүйедегі элементтердің бірінен бас тарту шығындары өтелетін қор қалыптастыру арқылы жүйе қызметі сенімділігін қамтамасыз ететін әдіс. Қор әлемі мүмкін болатын шығындар көлемінен бірдей немесе асып кетуі мүмкін, алайда қорды ұстау шығындары жүйеден бас тартқан жағдайда қалпына келтірумен байланысты шығындардан асып кетпеуі керек.

Сақтандыру тәуекелді төмендету әдісі, арнайы қаражаттар қорын қалыптастыру және оны жағымсыз жағдайлармен (сақтандыру болатын) байланысты түрлі жоғалтулар, зиян, шығындарды өтеу үшін сақтандыру төлемдерін төлеу жолымен қолдануды ұсынады. Сақтандыру үшін екі жақтың болуы міндетті: арнайы ұйымдар (сақтандырушы), бекітілген төлемдерді қорға төлеп отыратын, заңдық және жеке тұлғалардың қаражаттарын аккумуляциялайтын ұйымдар. Олардың өзара міндеттемелері келісім-шартпен реттеледі. Тәуекелдерді басқару формаларының ішінен сақтандыру неғұрлым тиімді болып табылады, себебі инновациялық кәсіпорындардың шағындарын жабуға қажетті ресурстар басқа көздерге қарағанда сақтандыру ұйымдарынан тезірек алынады.

Өзін-өзі сақтандыру кәсіпорын сақтандыру компаниясынан сақтандыру сатып алмастан, өзін-өзі сақтандырғысы келетінін сипаттайды. Инновациялық тәуекелді төмендетудің бұл бағытының механизмі контрагенттер әрекетімен байланыссыз, тәуекелдер операциялары бойынша жағымсыз салдарларын жоюға мүмкіндік беретін, қаржылық ресурстар бөлігінен қор қалыптастыруға негізделген. Мысалы, бұл өндірістік үдерістердегі мүмкін болатын шығындардың орнын толтыру үшін мақсатты қор қалыптастыру болуы мүмкін. Өзін-өзі сақтандырудың негізгі міндеті қаржы-коммерциялық қызметтегі уақытша қиыншылықтарды жедел шешу болып табылады.

Тәуекелдерді беру (трансфер) - сәйкес келісім - шарттар жасасу жолымен тәуекелді төмендету әдісі. Бұл әдіс мүмкін болатын тәуекелдер көлемі инновациялық кәсіпорын үшін тиімсіз болған кезде қолданылады.

Инновациялық тәуекелді төмендетуде кәсіпорындағы коммерциялық құпияларды қорғауға ұйымдастыру маңызды, себебі кейбір жағдайларда кәсіпорындағы жасалып

жатқан инновациялық жоба жөнінде техникалық және коммерциялық ақпарат бәсекелестердің параллельді әзірлемелер жасауға итермелеуі мүмкін.

Сонымен, неғұрлым тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін, инновациялық жобаның кез келген кезеңіндегі тәуекелдерді төмендетудің бір ғана әдіс емес, әдістер кешені қолданылады.

Инновациялардың тиімділігін төмендететін себептердің бірі инновациялық кәсіпкерлік саласындағы құқықтық базаның әлсіздігі және инновациялық кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау деңгейінің төмендігі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
2. Государственная Программа форсированного индустриально - инновационного развития РК на 2010-2014 гг., утвержденная Указом Президента РК от 19 марта 2010 г №958
3. Әмірбекұлы Е. Қазақстан Республикасындағы ұлттық инновациялық инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі: Экономика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Алматы, 2010.
4. Тұрғынбаева А.Н. Инновации и риски.- Алматы: Қазақ университеті, 2008.
5. Купешова С.Т. Инновациялық менеджмент: оқулық. Алматы ЖСШ РПБК Дәуір 2011.

**Күнгелдіқызы Ш., магистр, аға оқытушы (Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ)
Шаймаханова А. А., Асылхан А. Ж., «Туризм» мамандығының студенттері
(Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан Республикасы)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АГРАРЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Отанымыздың тірегі – ауыл. Ол халықты азық-түлікпен, өндірісті шикізатпен, ауыл адамдарын жұмыспен қамтамасыз етеді. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен ішкі қоғамдық-саяси тұрақтылығы осы саланың дамуымен тікелей байланысты. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында: «...аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс.....», - деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан ауыл шаруашылығы саласы әрқашан да мемлекет тарапынан үлкен қолдауды қажет етеді. Сол себепті де, ел басымыз «Қазақстан – 2050» стратегиясында ауыл шаруашылығын жеке бөлім ретінде қарастырып, оны даму үшін барлық күшімізді салу керектігімізді атап кеткен болатын [1].

Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде ауыл мәселесіне байланысты көптеген мемлекеттік бағдарламалар қабылданған, олар «Ауыл жылы» 2003-2005 жылдар аралығы, «Ауылдық аймақтарды дамыту бағдарламасы» 2004-2010 жылдар аралығы және тағы басқа. Бірақ бұл салада айтарлықтай өзгеріс байқалмады. Қазақстан Республикасында ауылдық туризмді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар арқылы дамытуға болады. Мысалы, қорықтар және ұлттық саябақтар маңында. Қорықтар мен ұлттық саябақтарға жасалған экскурсиялардың ішінен басым бөлігі Алматы облысында (556 - 28%-ға өскен) және түскен пайда 8619,7 мың теңге [2].

Көрікті жерлерде орналасқан ауылдық аймақтардың көбі ауылдық туризмді дамытуға қажетті барлық табиғи, тарихи, мәдени ресурстарға ие, бірақ бұнда сол ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін агротуризм инфрақұрылымы жоқ, сондықтан да шетелдік тәжірибені оңтайлы қолдану бұл өңірдің болашағы үшін аса маңызды, себебі